

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Торайғыров университет» КЕАҚ
Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті
«Журналистика» кафедрасы



БЕКІТІЛДІ
Қабылдау комиссиясының Төрағасы

ТОРАЙҒЫРОВ Н.А. Медетов
2026 Ж. Қ. 10

6B032 Журналистика
білім бағдарламасы бойынша
(B042 Журналистика және репортер ісі білім бағдарламасының тобы)

2026-2027 оқу жылына арналған

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Павлодар
2026

1 Жалпы ережелер

1.1 Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

1.2 Жалпы орта және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру В042 - «Журналистика» бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады:

- шығарма;
- кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу.

1.3 Жалпы орта және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады. Шығармашылық дайындықты талап ететін В042 «Журналистика және репортер ісі» жоғары білімнің білім беру тобына түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан және келесі пәндер бойынша тестілеу тапсырады:

- шығарма.

1.4 Білім беру грантына түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 06 шілде аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 07 - 15 шілде аралығында өткізіледі.

1.5 Ақылы негізінде түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау күнтізбелік жылғы 16 шілде мен 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 11 - 15 тамыз аралығында өткізіледі.

1.6 Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша ұпайлар ескеріледі.

1.7 Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бейіндік пәннен ұпайы ескеріледі.

2 Шығармашылық емтиханның мақсаты

2.1 Шығармашылық емтиханның мақсаты үміткердің шығармашылық қабілеттерін және шығармашылық бағыттың мамандығын игерудің жеке алғышарттарын тексеру болып табылады.

2.2 В042 - «Журналистика» білім беру бағдарламалары тобы белгілі бір табиғи және қалыптасқан деректер мен қабілеттерге ие болуды талап ететін шығармашылық мамандықтардың санына жатады.

2.3 Шығармашылық емтихан бағдарламасы креативті қабілеттермен, қоғамның өзекті мәселелерін тануға, өз көзқарасын білдіре алу, қажетті, нақты фактілерді келтіре білу, қажетті сұрақтарды дұрыс құрастыра білу, өз көзқарасы мен пікірін нақты, сауатты, дәлелді жеткізе білу машықтары мен деңгейін білдіруге арналған.

3 Шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

3.1 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін осы саладағы құзыретті мамандар қатарынан емтихан комиссиясы құрылады, олардың құрамы «Торайғыров университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы - ректоры немесе оның міндетін атқарушы бұйрығымен бекітіледі. Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының

көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

3.2 Шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі.

3.3 Оқуға түсуші шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі. Бұл ретте шығармашылық емтихандар бейне және аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

3.4 Шығармашылық емтихан басталар алдында талапкерлер ұялы телефондарын, планшеттерін және басқа да аудио-бейне жазба және байланыс құралдарын комиссия хатшысына қол қою арқылы тапсырады. Басқа қажет емес заттар аудиторияға кіре берістегі арнайы бөлінген үстелде қалдырылады. Келесі кезекте талапкерлерге емтихан материалдары, кеңсе керек-жарақтары беріліп, тапсырманың міндеттері, тапсырманы орындау тәртібі, шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерін жариялау уақыты мен орны, апелляциялық шағым беру тәртібі түсіндіріледі.

3.6 Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде талапкерлер келесі талаптарды сақтайды:

- емтихан алушы көрсеткен орынға отыру;
- тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
- аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
- шығармашылық емтиханның аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

3.7 Ережелерді бұзғаны үшін түсуші адам аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық парағына емтихан алушының қолымен расталған шығару себебі туралы жазылады. Талапкердің бұл жұмысы жойылады.

3.8 Егер талапкер емтихан басында бір сағаттан аз уақытқа кешіксе, ол емтиханға жіберілуі мүмкін және алдын-ала ескертілгендей, тапсырманы орындау уақыты көбеймейді.

3.9 Егер талапкер емтиханның басталуына бір сағаттан астам кешігіп келсе, ол шығармашылық емтиханға келмеген болып есептеледі.

3.10 Дәлелсіз себептермен шығармашылық емтиханға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

3.11 Талапкерлер дәлелді себептермен емтиханға кешігіп немесе келмеген жағдайда ол шығармашылық емтиханды жазбаша өтініші мен шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептерін растайтын құжаттарды ұсынуы негізінде жауапты хатшының рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта тапсыруға жіберіледі.

Шығармашылық емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептер мыналар болып табылады:

- түсуші адам ауырып қалуы (емдеу мекемесінен ауырып қалғандығы туралы анықтаманы ұсынумен расталады, анықтама емдеу мекемесінің мөрімен бекітіледі);
- төтенше жағдайлар, сондай-ақ жол-көлім оқиғасы (мемлекеттік мекемеден төтенше жағдайдың немесе жол-көлік оқиғасының болу фактісін айғақтайтын анықтама ұсынумен расталады).

3.12 Дәлелді себептер бойынша шығармашылық емтиханға келмеген тұлғалар оған шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімінен кешіктірілмей қосымша анықталған күні жіберіледі.

3.13 Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3.14 Емтихан жұмыстарын тексеру тек жоғары оқу орнының ғимаратында жүргізіледі.

3.15 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады. Минималдық балл -5

3.16 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

3.17 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары – бағалау ведомосымен, шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

3.18 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

3.20 Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ЖОО-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

3.20 Емтихандарды өткізу кезеңіне шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында «Торайғыров университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы - ректоры немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады

3.21 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

3.22 Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

4 Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

Емтихан келесі тәртіпте жүргізіледі:

Әр студенттің жеке басын анықтау үшін жеке куәлігі (паспорт) болуы керек.

Кафедра талапкерлерді емтихандарды өткізу ережелерімен және алдын ала консультациялар кезінде Академиялық адалдық кодексінің талаптарымен таныстырады.

Шығармашылық емтихан комиссиясының төрағасы емтихан аяқталғаннан кейін талапкерге бағаны жариялап, емтихан аяқталғаннан кейін 24 сағат ішінде оны тіркеу журналына енгізуі керек.

Жалпы білім беретін орта мектептердің түлектері екі шығармашылық емтихан тапсырады, техникалық және жоғары кәсіптік білім беру және оқытудың сәйкес мамандыққа түсетін түлектері бір емтиханды: «Шығарма» тапсырады.

I шығармашылық емтихан «Шығарма»

Талапкер ұсынылған тақырыптардың біріне шығармашылық шығарма жазу керек. Жазылған шығарма мазмұны тақырып атауына сәйкес болуы қажет. Талапкер шығарма мазмұнында өзінің эрудициясын, шығармашылық қабілетін, көзқарас тереңдігін, қоғамдық мәселелердің өзектілігін түсінуі, тақырып мәнін ашудағы өзіндік көзқарас, тақырып мәнін ашудағы нақты фактілерді пайдалану шеберлігі және өзіндік шешім мен авторлық ұстанымы танылуы қажет. Талапкер жазба жұмысында өзінің сауатты жазу мәдениеті мен деңгейін көрсетуге мүмкіндігі бар. Тақырып мазмұнын ашуда шығарма көлеміне шектеу жоқ. Талапкердің жазба жұмысы тапсырады, қажет болса, емтихан қабылдаушылар қосымша талдау жасайды.

II түсу шығармашылық емтихан «Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу»

Сұхбатта талапкерлердің қоғамның өзекті мәселелерін тануға, өз көзқарасын білдіре алу, қажетті, нақты фактілерді келтіре білу, қажетті сұрақтарды дұрыс құрастыра білу, өз көзқарасы мен пікірін нақты, сауатты, дәлелді жеткізе білу машықтары мен деңгейін білуге мүмкіндік бар.

4.1 I шығармашылық емтиханды бағалау критерийлері

Жалпы білім беретін орта мектеп түлектері үшін I шығармашылық емтихан 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Максималды ұпай саны - 50, оның ішінде

- тақырыптың ашылуы - 15;
- ой желісі - 10;
- сауаттылығы (орфография және пунктуация) - 15;
- стильдік ерекшеліктері - 10;

Сәйкес мамандық бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік білім беру, жоғары кәсіптік білім мен оқытуды бітірушілер бір емтихан «Шығарма» тапсырады.

Максималды ұпай саны – 20, оның ішінде

- тақырыптың ашылуы - 5;
- ой желісі - 5;
- сауаттылығы (орфография және пунктуация) - 5;
- стильдік ерекшеліктері - 5;

4.2 II шығармашылық емтиханды тапсыру үшін әдістемелік нұсқаулар

Максималды ұпай саны - 50, оның ішінде:

- тілдесім - 15;
- айтылым - 10;
- тақырыпты ашу - 15;
- шығармашылық ерекшеліктері - 10;

4.3 I шығармашылық емтиханды тапсыру үшін әдістемелік нұсқаулар

Шығармалардың тақырыптары

1 Журналист шеберлігі (атақты журналист шығармашылығы негізінде).

2 Тәуелсіздік тұғыры.

3 Әлихан Бөкейхан – «Елі үшін құрбандыққа жанын берген».

4 Әл – Фараби өркениет философы.

5 Өзіміз үшін ғана өмір сүрмейік...

6 Жаңа қазақ әліпбиінің ұлттық коды.

8 Қаныш Сәтбаев – Ұлттық Ғылымның көшбасшысы.

9 Журналистика - мен таңдаған мамандық.

10 Ұлы Дала: ұлылық пен құндылық.

11 Абай тағылымы.

Жұмысқа қойылатын талаптар:

- мәтін көлемі 2-3 беттен аспауы керек;
- шығарманың ең басты сипаты-мазмұн мен тілдік және жанр мен композиция бірлігі, тақырыптың мәтінге сай болуы;
- жұмыс мына ретпен орындалады: тақырып таңдау мен оны ой таразысынан өткізу: мақсатты анықтау (проблемеларды), тақырыпты толық және жан-жақты ашатын жанрды іздеу; мазмұнның логикасын жоспарлау, шығарманы жоспар бойынша жазу, мәтінді стилистикалық өндеу (түзету).

4.4 II шығармашылық емтиханды тапсыру үшін әдістемелік нұсқаулар

Емтиханға қойылатын талап:

- жауап қойылған сұрақтар бойынша мағыналы болу;
- сұрақтарға жауаптар анық, нақты және дұрыс болуы керек;
- талапкер комиссияның қарауына шығармашылық жұмыстарын ұсына алады: мақалалар, жазған өлең-жырларын, шығармашылық баяндамаларын және т.б.

Әңгімелесу – сұхбат жүргізу сұрақ - сауалдары:

1. Журналистика мамандығын таңдау себебіңіз?
2. Шығармашылық «шеберхана» бойынша белгілі қандай отандық және Ресей журналистерін білесіз?
3. Журналистік қызметте Сіз өзіңізді қандай қызметтік тұлғада «репортер, аналитик - сараптамашы, тілші - корреспондент» көргіңіз келеді?
4. «Логотип», «Лид», «Баспа дизайні», «Рубрика», «Жанрлар», «Шығыс мәліметтер», «Авторлық бағдарлама», «Тікелей эфир» сөздерінің мағыналық түп төркінін қалай түсінесіз?
5. Заманауи журналист қандай болу керек?
6. Журналист әдебі туралы не білесіз?
7. Отансүйгіштік, ұлтжандылық, ізеттілік, еркіндік сияқты құндылықтарды қалай түсініп,бағалайсыз?
8. Егер Сіз журналист болсаңыз, алғашқы сөзіңізді неден бастаушы едіңіз?
9. Сіздің сүйікті басылымыңыз (газет, журнал, альманах)? Басылымдардың негізгі проблемалары.
10. Қазақ Елінің дамуына үлес қосқан қандай аса көрнекті тұлғаларды білесіз?
11. Қандай газет-журналдарды оқисыз? Радио тыңдайсыз ба? Ұнататын бағдарламалар мен хабарларыңыз?
12. Диктор кім? Теле-радио жүргізуші кім? Айырмашылығы бар деп ойлайсыз ба?
13. Өзіңіз тұратын жердегі аудандық не қалалық газетпен, телеарнамен байланысыңыз бар ма? Материалдарыңыз қабылданып, жарияланды ма?
14. Қандай кітап оқыдыңыз, қазір не оқып жүрсіз? Сүйікті жазушыңыз?
15. Сізді қандай тақырыптар, қандай газет материалдары қызықтырады?
16. Сіздің тұрақты көретін телеарнаңыз? Ұнатып көретін бағдарламаларыңыз?
17. «Ұлан» газетін, «Ақ желкен» журналын оқисыз ба? Қандай тақырыптағы материалдары қызықтырады?
18. Өз шығармаларыңыз туралы не айтасыз? Материалдарыңыз, жеке күнделік жазбаларыңыз бар ма?
19. Өзіңіз қадірлейтін, еліктейтін журналисіңіз кім? Сіздің ұғымыңыздағыдағы әділдікті қаймықпай тура жазатын журналист кім?
20. Көрнекті қоғам қайраткерлерінен кімдерді білесіз ?
21. Қазақ әдебиетінің классик жазушыларынан кімдерді білесіз? «Алаш арыстары» деп кімдерді айтамыз?
22. Абайдың қара сөздері жөнінде не білесіз?
23. Қазіргі қазақ журналист-жазушыларынан, редакторларынан кімдерді білесіз?
24. Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы түсінігіңіз?
25. Қазақстандағы дін ахуалы туралы не айтасыз?

5 Шығармашылық емтихандарды өткізу кестесі және кеңес беру күндері

Білім беру грантына түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 06 шілде аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 07 - 15 шілде аралығында өткізіледі

№	Емтиханның өткізу түрі	Күні	Уақыты	Кабинет
Кеңес беру				
1	1 шығармашылық емтихан	07.07.2026	10:00	А-2 (қазақ т. оқитындар) А-8 (орыс т. оқитындар)
2	2 шығармашылық емтихан	09.07.2026	10:00	А-2 (қазақ т. оқитындар) А-8 (орыс т. оқитындар)
Емтихандар				


1	1 шығармашылық емтихан	08.07.2026	10:00	A-2 (қазақ т. оқитындар)
				A-8 (орыс т. оқитындар)
2	2 шығармашылық емтихан	10.07.2026	10:00	A-2 (қазақ т. оқитындар)
				A-8 (орыс т. оқитындар)
Апелляция				
1	1 шығармашылық емтихан	09.07.2026	14:00	A-2 (қазақ т. оқитындар)
2	2 шығармашылық емтихан	11.07.2026	14:00	A-8 (орыс т. оқитындар)

Ақылы негізінде түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау күнтізбелік жылғы 16 шілде мен 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 11 - 15 тамыз аралығында өткізіледі.

№	Емтиханның өткізу түрі	Күні	Уақыты	Кабинет
Кенес беру				
1	1 шығармашылық емтихан	11.08.2026	10:00	A-2 (қазақ т. оқитындар)
				A-8 (орыс т. оқитындар)
2	2 шығармашылық емтихан	13.08.2026	10:00	A-2 (қазақ т. оқитындар)
				A-8 (орыс т. оқитындар)
Емтихандар				
1	1 шығармашылық емтихан	12.08.2026	10:00	A-2 (қазақ т. оқитындар)
				A-8 (орыс т. оқитындар)
2	2 шығармашылық емтихан	14.08.2026	10:00	A-2 (қазақ т. оқитындар)
				A-8 (орыс т. оқитындар)
Апелляция				
1	1 шығармашылық емтихан	13.08.2026	14:00	A-2 (қазақ т. оқитындар)
2	2 шығармашылық емтихан	15.08.2026	14:00	A-8 (орыс т. оқитындар)

Академиялық мәселелер жөніндегі
Басқарма мүшесі-проректоры

«Журналистика» кафедра меңгерушісі м.а.



Р. Нургожин

С. Елікпаев